



## **«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Қамқоршылық кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Қамқоршылық кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қоғамдық Қор) Жарғысына және Қоғамдық қордың өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Қамқоршылық кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) функциясын, Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін, сондай-ақ құрамы мен жұмыс тәртібін айқындайды. Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Қамқоршылық кеңестің шешімімен бекітіледі.

3. Комитет Қамқоршылық кеңестің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Қамқоршылық кеңестің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады.

4. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамдық қордың Жарғысын, Қамқоршылық кеңес туралы ережені, осы Ережені, Қамқоршылық кеңестің шешімдерін басшылыққа алады.

### **2. Комитеттің функциясы**

5. Комитет келесі функцияларды орындайды:

1) Қоғамдық қордың Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етеді;  
2) Қоғамдық Қордың ішкі аудит қызметі туралы ережені, саясатты, Ішкі аудит рәсімдерін және Қоғамдық қордың ішкі аудит қызметін реттейтін басқа да құжаттарды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала қарайды және мақұлдайды, Ішкі аудит қызметінің Қоғамдық қор басшылығынан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

3) Қоғамдық қордың Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала қарайды және мақұлдайды;

4) Қоғамдық қордың ішкі аудит қызметінің жалпыланған форматта жұмыс нәтижелері мен аса маңызды аудиторлық түсініктемелерді ұсынатын тұрақты есептерін алдын ала қарайды және мақұлдайды;

5) Қоғамдық қордың Ішкі аудит қызметіне қойылған міндеттерді тиімді орындауға кедергі келтіретін қолданыстағы шектеулер мәселесін қарайды және осындай шектеулерді жоюға ықпал етеді;

6) Қоғамдық қордың Ішкі аудит қызметінің басшысымен кездесулер өткізеді;

7) Қоғамдық қордың Ішкі аудит қызметіне алдын ала бағалау жүргізеді;

8) Қоғамдық қордың Ішкі аудитін қызметінің мүдделі мәселелерді тәуелсіз

тексерулерді (бағалауды) жүргізуіне қажетіне қарай бастамашылық жасайды;

9) Қоғамдық қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге арналған Қоғамдық қордың ішкі рәсімдерінің тиімділігін бағалайды;

10) Қоғамдық қордың анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарайды;

11) Қамқоршылық кеңеске, оның ішінде тәуелсіз консультанттарды (сарапшыларды) тарта отырып, арнаулы тергеп-тексерулер (тексерулер) жүргізу жөніндегі ұсынымдарды қажетіне қарай әзірлейді;

12) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғамдық қор немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындайды.

### 3. Комитеттің құқықтары мен міндеттері

6. Жүктелген өкілеттіктерді іске асыру үшін Комитет мүшелеріне мынадай құқықтар берілді:

1) осы Ереженің 3-бөлімінде көрсетілген өз құзыреті шеңберінде Қамқоршылық кеңестің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің мүшелерінен, Қамқоршылық кеңестің хатшысынан және Қоғамдық қордың өзге де қызметкерлерінен құжаттарды, есептерді, түсініктемелерді және басқа да ақпаратты сұратуға;

2) Қамқоршылық кеңестің, Басқарманың мүшелерін және өзге де тұлғаларды өз отырыстарына шақыруға;

3) өз қызметінің мәселелері бойынша Қамқоршылық кеңестің шешімдері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауға және тексеруге қатысуға;

4) Комитеттің қызметіне қатысты құжаттардың жобаларын әзірлеуге және оларды Қамқоршылық кеңестің бекітуіне ұсынуға міндетті;

5) комитет отырысын шақыруды талап етуге және комитет отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

6) өзіне жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

7. Комитет мүшелері:

1) өз қызметін ережеге сәйкес, Қамқоршылық кеңестің және жалпы Қоғамдық қордың мүддесі үшін адал жүзеге асыруға;

2) өз міндеттерін тиімді орындау үшін жеткілікті уақыт бөлу;

3) Комитет қызметін жүзеге асыру шеңберінде алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті;

4) өз құзыреті шегінде және осы Ережеде көзделген тәртіппен Комитеттің төрағасы немесе Қамқоршылық кеңес айқындауы мүмкін басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

### 4. Комитет мүшелерінің жауапкершілігі

8. Комитет мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру нәтижесінде келтірілген залал үшін Қоғамдық қор мен Қамқоршылық кеңес алдында жауапты болады.

### 5. Комитет құрамы

9. Комитеттің сандық құрамы 3 (үш) адамды құрайды.

10. Комитеттің құрамы Қоғамдық Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімімен сайланады және оған Комитет төрағасының атынан Қамқоршылық кеңестің төрағасы және Комитет мүшелерінің атынан Қоғамдық Қордың Басқарма мүшесі және Қоғамдық қордың Ішкі аудит қызметінің басшысы кіреді.

11. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады. Комитет төрағасы өз функцияларын өтеулі негізде жүзеге асырады. Комитет төрағасына сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттары Қоғамдық Қордың Басқарма төрағасы мен Комитет төрағасы арасында жасалатын өтеулі қызметтер көрсету шартына сәйкес айқындалады.

12. Қажет болған жағдайда Комитет комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар, дауыс беру құқығынсыз сарапшыларды тартуға құқылы. Салада кәсіби тәжірибесі мен біліктілігі бар сарапшылар Комитеттің мақсаттарына, міндеттеріне және құзыретіне сәйкес өтеусіз негізде тартылады. Комитет құрамындағы сарапшылардың рөлі арнайы білім мен кәсіби тәжірибені пайдалана отырып, шешім қабылдау кезінде Комитет мүшелерін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуден тұрады, бұл Комитетке мәселелерді жан-жақты зерделеуге және Қамқоршылық кеңеске ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

13. Комитеттің хатшысы Қоғамдық қордың Ішкі аудит қызметінің қызметкері болып табылады.

14. Комитет өз қызметін Қамқоршылық кеңестің шешіміне сәйкес тоқтатады.

### 6. Комитет төрағасы

15. Комитет төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Қоғамдық қордың Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етеді;
- 2) Комитет отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 3) Комитет отырыстарының күн тәртібін бекітеді;
- 4) Комитет отырыстарында мәселелерді талқылауды ұйымдастырады, сондай-ақ отырысқа қатысуға шақырылған адамдардың пікірлерін тыңдайды;

5) Комитет мүшелері арасында міндеттерді бөледі, оларға мәселені терен зерделеуге және Комитет отырысында қаралатын материалдар дайындауға байланысты тапсырмалар береді;

6) Комитеттің жұмысын, оның ішінде Комитет шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және үйлестіреді.

### 7. Комитет жұмысының тәртібі

16. Комитет отырыстары Комитеттің төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттаманы ресімдей отырып, күндізгі нысанда өткізіледі. Сондай-ақ, отырыстар бейнеконференцияларды пайдалану арқылы онлайн нысанда өтуі мүмкін.

17. Комитет хатшысы Комитет отырыстарын дайындауды және өткізуді, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, Комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға Комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, Комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды қамтамасыз етеді, қажетіне қарай Комитет отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірмелер береді, сондай-ақ барлық тиісті материалдардың кейіннен сақталуын қамтамасыз етеді.

*Handwritten signature*

18. Комитет отырыстарын өткізу туралы хабарлама күн тәртібімен және оларға қажетті материалдармен (күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түсіндірме жазба, анықтамалық және өзге де материалдар) бірге отырысқа қатысатын адамдарға комитет отырысы өткізілетін күнге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық нысанда жіберіледі.

19. Комитет отырыстарына Комитет төрағасының шақыруы бойынша Комитет отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру құқығы жоқ үшінші тұлғалар қатыса алады.

20. Комитет мүшесі қабылданатын шешіммен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, Комитет мүшесі жазбаша нысанда ресімделетін және Комитет отырысының хаттамасына қоса берілетін өзінің ерекше пікірін баяндауға құқылы.

21. Комитет отырысқа қатысып отырған Комитет мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда Комитет төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

---